

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**



Дәурен ҚУАТ,

«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы


СӨЗДЕН СУРЕТ САЛАТЫН ЖАЗУШЫ

Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығымен кейініректе таныстым. Соңғы 10 жылдың көлемінде. Оның үстіне жазушы Отарбаевтың нағыз толысқан кезі осы болса керек. Оның алдында да Рахымжан Отарбаев деп есімі аталып жүргенмен, ағамыз елшілік, басшылық қызметті де атқарды ғой.

Ел арасында шығармасынан бұрын есімі алда жүретін кісілер болады. Соның бірі деп Рахымжан Отарбаевты айта аламын. Мұны неге айтып отырмын? Кей адам атағын жасап алады. Шығармасын оқысаң, көңілің толмай жатады. Ал Рахымжан ағамыздың есімі шығармасынан, шығармасы есімінен қалыс қалмай жүрді. Ол кісінің шығармашылығында маған ұнайтыны қазақ тілін өте жақсы білетіні. Тағы бір ерекшелігі ретінде сөздерді өз орнымен қолдануын айта аламын. Шығармадағы сюжет пен композиция, кейіпкерлердің ойы — барлығы бір жерден шығып, оқырманның ойынан шығуы үшін керегі шеберлік. Рахаң шебер жазушы болды. Шығармаларына әзіл араластырып отыратын. Образ жасауы, адамды кейіптеуі ерекше болатын. Өз заманында оза шауып, шығармаларында құр сөзге ермей, әрбір сөйлемге аса мән беріп қараған жазушы еді.

«Американың ұлттық байлығы» әңгімесінде шибөрі деген аң қаптап кеткені жайында жазады. Білуімше, ол кейін келе біздің жерімізде де көбейді. Америкалықтар шибөріні құрметтеп, тотемдік аңы секілді қарайды. Ал бізде шибөрі жағымсыз, қорқау

кейіпте ғой. Әңгімесінде күлдіре отырып, күңіренеді. Осындағы сөз қолданысы, алыс қыстаудағы қойшыға бір кісінің келіп, әрбір сөзін жазып алуы қойшының қорқынышын тудырып, түнімен ұйықтай алмауын керемет суреттейді. Сонда, шибөрінің терісін сыпырып көрсеткенде «америкалықтардың меншігіне қол сұғып отырсың, Америка айдан бақылап отыр» дейтін жерлер бар. Бұл жерде автор қазақы фобияны, қазақы аңғалдықты суреттейді. Санамалап айтсам «Атырау-Алматы поезы» әңгімесі мен «Бас» романы қазақ әдебиетіне жаңа серпіліс әкелді. Өз сөзінде «Мен қазақтың сөзін қойша қайырамын» деуші еді. Сол сөзі сөз. Бұл жерде сөзді еркін меңгергенін көрсеткісі келген болар. Ауызекі сөзге де шебер болатын. Бір тойда «мына балаң ертең ержетіп, солқылдаған қызды сырғалығынан ұстап әкелсін» деп, образ жасай сөйлегенін естігенмін.



Пекин, 2008 жыл